

Zhaiyk ustazy

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым

Білім кеңістігі

Цифрлық трансформация және білім беру

«Өрлеу» БАҰО» АҚ «БҚО бойынша КДИ» филиалының ұйымдастыруымен «Білім берудегі цифрлық трансформация: технологиялар дәуіріндегі тәрбие мен оқыту» тақырыбында Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Республикалық деңгейде ұйымдастырылған конференцияның басты мақсаты – білім беру жүйесінде тәрбие мен оқытудың цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырылуына әсерін саралап, болашақтағы трансформация бағыттарын айқындау болды.

Шараға мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, техникалық және жоғары оқу орындарының оқытушылары мен біліктілікті арттыру саласының мамандары қатысты.

Республикалық конференция жұмысын «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Ай-дана Шилибекова алғы сөзбен бастап, білім беру саласындағы цифрлық трансформацияның маңыздылығына тоқталып, конференцияға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Конференция жұмысы гибридік форматта, яғни офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылып, ZOOM платформасы арқылы 200 жуық педагог белсенді қатысты. Атап айтқанда, Атырау, Жамбыл, Түркістан,



Ақтөбе облысы және Талдықорған қалаларынан педагогтер цифрлық трансформация тақырыбындағы өз тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты. Шара аясында ұйымдастырылған EDTech-жәрменке – озық тәжірибелер алаңына айналды.

Бұл алаңда заманауи цифрлық шешімдер, білім беру платформалары мен құралдары таныстырылып, педагогтер өз тәжірибесіне қажетті пайдалы ресурстармен танысты.

Конференцияның пленарлық бөлімін филиал директоры Софья Измуханбетова жүргізді. Эксперттік сессия қатысушыларымен өткен «Ақыл-ой» ойыны мазмұнды пікір алаңына айналды. Оған облыстағы білім беру ұйымдарының IT, робототехника және цифрлық технологиялар

бағытында табысты еңбек етіп жүрген басшылары мен сарапшы педагогтер қатысып, заманауи білім берудегі өзекті мәселелерді талқылады.

Сонымен қатар, цифрлық квест, шеберлік сабақтары, воркшоптар мен панельдік пікірталастар өткізіліп, педагогтер арасында тәжірибе алмасуға жағдай жасалды. Бағдарлама аясында секциялық жұмыстар төрт негізгі бағыт бойынша жүргізілді:

1. Цифрлық кеңістік: қауіпсіздік, медиасауаттылық және кибермәдениет;

2. Мектеп және қоғам: цифрлық ортадағы әлеуметтік-эмоционалдық даму;

3. Цифрлық технологиялар – дарау мен инклюзия құралы ретінде;

4. Жасанды интеллектіні білім беру процесіне енгізу: мүмкіндіктер мен міндеттер.

Конференция соңында ұсынымдар қабылданып, секциялық бөлімде шеберлік сыныптарын өткізген қатысушыларға дипломдар табысталды.

Конференция қорытындысы бойынша интерактивті материалдар жинағы әзірленетін болады.

Өз тілшімізден

Газет 2002 жылдың 28 наурызынан шыға бастады

№7 (490)
8 тамыз
2025 жыл



6+

Өрлеу тынысы

Біліктілікті арттыру курстары жалғасуда

Ағымдағы жылдың 4-15 тамыз аралығында «Өрлеу» БАҰО» АҚ «БҚО бойынша КДИ» филиалының базасында және Ақжайық, Жаңақала аудандарындағы педагогтерге арналған төмендегі тақырыптарға сай біліктілікті арттыру курстары өтеді:

«Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру»;

«Информатика» оқу пәні бойынша жобалық іс-әрекет»;

«Биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту»;

«История и основы права: новые технологии в обучении»;

«Әдебиеттік оқу сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру»;

«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті»;

«Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»;

«Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»;

«Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар»;

«Жаһандық құзыреттер»;

«Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттің кәсіби құзыреттілігін дамыту»;

«Формирование базовых компетенций педагогов, реализующих инклюзивное образование» тақырыптарындағы курстар мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқыту үдерісін жаңартылған мазмұнмен жүргізу, цифрлық және жобалық оқыту тәсілдерін меңгеру бағытында ұйымдастырылады.

Курстар педагогтердің жаңа оқу жылына әдістемелік дайындығын жетілдіруге, білім сапасын арттыруға және білім берудегі заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден



Байқау - 2025

“Педагогикалық идеялар панорамасы - 2025”

Құрметті педагогтер!

«Педагогикалық идеялар панорамасы – 2025» республикалық байқауы жарияланды. Байқауға еліміздің барлық өңіріндегі мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері қатыса алады. Жеңімпаздар ТМД елдері арасында өтетін Педагогикалық шеберлік халықаралық фестиваліне қатысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, байқау нәтижелері педагогтерді аттестаттау кезінде ескеріледі.

Конкурска келесі 7 бағыт бойынша жұмыстар қабылданады:

1. Оқу сауаттылығы
2. Математикалық сауаттылық
3. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық
4. Цифрлық сауаттылық
5. Экологиялық сауаттылық
6. Мәдениетаралық сауаттылық
7. Қаржылық сауаттылық

Жыл сайын ұйымдастырылатын бұл байқаудың шарттарына биыл ішінара өзгерістер енгізілді. Енді өңірлік кезеңнен өту үшін бейнематериал әзірлеу міндетті емес. Алдымен жұмыс мазмұны мен өзектілігі жазбаша түрде негізделеді. Ал республикалық кезеңге өткен соң, педагогикалық идеяны бейнематериал ретінде ұсыну қажет.

Байқау талаптары:

• Әрбір қатысушы тек бір бағыт бойынша бір жұмыс ұсына алады;

• Жұмыс авторлық әдістемелік идеяны қамтуы тиіс;

• Материал басқа конкурстарға қатыспаған, еш жерде жарияланбаған, үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзбайтын және Қазақстан заңнамасына сай болуы тиіс.

Конкурстың өңірлік кезеңіне қатысуға өтінімдер <https://ppi.orleu-edu.kz> сайтында 1 маусым – 1 қыркүйек аралығында қабылданады.

Уважаемые педагоги!

Объявлен республиканский конкурс «Панорама педагогических идей – 2025»

В конкурсе могут участвовать педагогические работники организаций дошкольного, среднего, дополнительного, технического и профессионального, а также послесреднего образования со всех регионов нашей страны. Победители получают возможность принять участие в Международном фестивале педагогического мастерства стран СНГ. Кроме того, результаты конкурса будут учитываться при аттестации педагогов.

Конкурсные работы принимаются по следующим 7 направлениям:

1. Читательская грамотность
2. Математическая грамотность
3. Естественнонаучная грамотность
4. Цифровая грамотность
5. Экологическая грамотность
6. Межкультурная грамотность
7. Финансовая грамотность

В этом году в условиях конкурса произошли частичные изменения. Для прохождения регионального этапа подготовка видеоматериала не является обязательной. На первом этапе участнику необходимо представить письменное описание содержания и актуальности своей работы. А вот после выхода на республиканский этап необходимо представить педагогическую идею в виде видеоматериала.

Условия участия:

• Каждый участник может подать только одну работу по одному из направлений;

• Работа должна содержать авторскую методическую идею;

• Материалы должны быть ранее не опубликованными, подготовленными лично участником;

• Работа не должна участвовать в других конкурсах, не заимствована из интернета, не нарушает авторские права третьих лиц и соответствует законодательству Республики Казахстан.

Лучшие работы будут включены в республиканскую базу передовых педагогических практик.

Работы могут быть представлены на казахском, русском и английском языках.

Заявки на участие в региональном этапе конкурса принимаются на сайте <https://ppi.orleu-edu.kz> в период с 1 июня по 1 сентября.

Тәжірибе бөлісемін

Жасанды интеллект арқылы сөздік қорды дамыту

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл компьютерлер мен басқа да машиналардың адамның интеллектуалды функцияларын орындауға қабілеттілігі. ЖИ алгоритмдері деректерді өңдеп, талдап, олардан білім алып, шешім қабылдау қабілеттеріне ие. Білім беру саласында ЖИ технологиялары балалардың оқу процесін жекелендіріп, олардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімделуге мүмкіндік береді.

ЖИ негізінде құрылған білім беру бағдарламалары мен құралдарын қарастыру арнайы платформаларды таныстыра өтейін.

ABCmouse Early Learning Academy

- Бұл платформа мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әртүрлі оқу материалдарын ұсынады. ЖИ технологиялары арқылы әр баланың оқу үлгерімін бақылайды және жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар береді.

- Бағдарламада математика, оқу, ғылым және өнер сияқты түрлі пәндер бойынша интерактивті сабақтар мен ойындар бар.

Khan Academy Kids

- Khan Academy Kids бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тегін оқу платформасы болып табылады. ЖИ арқылы бағдарлама әр баланың оқу үлгерімін бақылайды және оларға сәйкес тапсырмалар мен ойындар ұсынады.

- Бағдарлама балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін және логикалық ойлауын дамытуға бағытталған.

Miko 3 роботы

- Miko 3 – бұл балалармен сөйлесіп, олардың сұрақтарына жауап беретін және білім беру бағдарламаларын ұсынатын ЖИ негізінде құрылған робот. Робот балалардың эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- Miko 3 түрлі білім беру ойындар

рын және жаттығуларын ұсынады, бұл балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін және тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Hapara Workspace

-Сипаттама: Hapara Workspace – бұл білім беру платформасы, мұғалімдер мен ата-аналарға балалардың оқу процесін басқаруға және қолдауға мүмкіндік береді.

-Мазмұн: Сөздік қорды дамытуға арналған оқу материалдары мен жаттығулар.

Reading Eggs

-Сипаттама: Reading Eggs – балалардың оқу және жазу дағдыларын дамытуға арналған онлайн платформа. Оқу мен жазу дағдыларын үйрететін түрлі деңгейлер мен тақырыптарды қамтиды.

-Мазмұн: Әріптерді таныстыру, сөздер мен сөйлемдерді құрастыруға арналған жаттығулар.

Starfall

-Сипаттама: Starfall – бұл балаларға оқуды және жазуды үйрететін білім беру платформасы, балалардың сөздік қорын дамытуға бағытталған.

-Мазмұн: Әріптер мен сөздерді үйрететін анимациялық және интерактивті материалдар.

Teach Your Monster to Read

-Сипаттама: Teach Your Monster to Read – бұл ойын түрінде ұсынылған оқыту бағдарламасы, балалардың оқу және сөздік дағдыларын дамытуға арналған.

-Мазмұн: Әріптерді тану, сөздерді үйрену және сөйлемдерді құрастыруға арналған ойындар.

ЖИ технологияларын ойын арқылы үйрену процесіне енгізу мүмкіндіктерін талда:

Интерактивті ойындар

ЖИ негізінде құрылған интерактивті ойындар балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін және логикалық ойлауын дамытуға бағытталған. Мұндай ойындар балаларға оқу материалын қызықты және түсінікті түрде меңгеруге көмектеседі. Мысалы, математика немесе тіл үйрену ойындары балаларға есептеуді немесе жаңа сөздерді үйренуге көмектеседі.

Duolingo ABC

-Сипаттама: Duolingo ABC – балаларға оқу мен жазуды үйретуге арналған интерактивті қосымша.

-Мазмұн: Әріптер мен сөздерді үйретуге арналған ойындар мен жаттығулар.

Endless Alphabet

-Сипаттама: Endless Alphabet – балаларға жаңа сөздерді үйрететін және олардың сөздік қорын дамытуға көмектесетін интерактивті қосымша.

-Мазмұн: Сөздер мен олардың мағыналарын түсіндіретін анимациялық карточкалар мен ойындар.

Tiggly Words

-Сипаттама: Tiggly Words – балаларға әріптер мен сөздерді үйретуге арналған білім беру қосымшасы.

-Мазмұн: Интерактивті әріптер мен сөздермен жұмыс жасау арқылы сөздік қорды кеңейтуге арналған ойындар.

Виртуалды шындық (VR) ойындары

Виртуалды шындық технологиялары балаларға оқу материалын виртуалды әлемде меңгеруге мүмкіндік береді. ЖИ негізінде құрылған VR ойындары балаларға тарих, география, ғылым және басқа да пәндер бойынша білім алуға көмектеседі. Мысалы, виртуалды саяхаттар арқылы балалар жаңа жерлерді зерттеп, олардың тарихын біле алады.

Қорытынды

ЖИ негізіндегі бағдарламалар балалардың сөздік қорын дамытуда ерекше рөл атқарады. Олар интерактивті ойындар, оқу жаттығулары және адаптивті оқыту әдістері арқылы балалардың тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, ABCmouse, Khan Academy Kids, Miko 3 және Cognitoys Dino сияқты бағдарламалар балалардың сөздік қорын кеңейтуге арналған түрлі құралдарды ұсынады.

Дәстүрлі білім беру бағдарламалары да балалардың сөздік қорын дамытуда маңызды рөл атқарады. Reading Eggs, Starfall, Teach Your Monster to Read және басқа да дәстүрлі бағдарламалар балаларға оқу мен жазу дағдыларын үйретуге бағытталған түрлі материалдар мен жаттығулар ұсынады.

Интерактивті құралдар мен қосымшалар, мысалы, Duolingo ABC, Endless Alphabet және Tiggly Words, балалардың сөздік қорын дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды ұсынып, оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді.

Барлық осы құралдар мен бағдарламалар балалардың сөздік қорын дамытуға және тілдік дағдыларын жақсартуға бағытталған.

ЖИ технологияларын қолдану арқылы балалардың сөздік қорын дамыту процесін жекелендіріп, оқу материалын қызықты және тиімді етуге болады. Осылайша, балалардың сөздік қоры кеңейіп, олардың жалпы когнитивті және әлеуметтік дамуы жақсарыды.

Гайша Ташкенова,
мектепалды сынып педагогі,
Ғұмар Қараш атындағы ЖББӨМ,
Жәнібек ауданы

Биология

Тұқымқуалаудың генетикалық заңдарының цитологиялық негіздері

Бөлім: Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: 9.2.4.2 Моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін түсіндіру

Сабақтың мақсаты: - тұқымқуалаудың генетикалық заңдарының цитологиялық негіздерін түсіндіру
- басымдылық заңын ұғындыру;
- Моногибридті будандастыруға есептер шығару;

Құндылықтар Бірлік және ынтымақ: сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу

Жасампаздық және жаңашылдық: өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу

1-апта дәйексөзі : Жасампаздық – бәрімізге өнеге

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі

Уақыты Педагогтің іс-әрекеті Білім алушының іс-әрекеті Бағалау Ресурстар

Сабақтың басы

7 минут

Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу.

Түгендеу

Психологиялық ахуал қалыптастыру.

Сергіту сәті «Ою-өрнек» бии

Үй тапсырмасы:

1. Генетика дегеніміз не?

2. Генетиканың негізін қалаған кім?

3. Г.Мендель ас бұршақтың қандай белгілерін тандап алды?

4. Таза сорттармақ деген не?

5. Г.Мендельдің бірінші заңы қалай аталады?

6. Г.Мендельдің екінші заңы қалай аталады?

7. Генетикалық талдау деген не?

8.Қандай белгі доминантты деп аталады?

9.Қандай белгіні рецессивті деп атайды?

10.Мендельдің ажырау заңының арақатынасы нешеге тең?.Мұғаліммен амандасады.

Бейнероликте көрсетілген ою-өрнектерді қайталайды.

Интерактивті тактада көрсетілген сұрақтарға жауап береді.

ҚБ: Жарайсың! 1. Интерактивті

такта;

2. «Ою-өрнек» бии.

2. Интерактивті такта.

Сабақтың ортасы

35 минут Жаңа сабақтың тақырыбын ашу.

Бұл суреттен не көріп тұрмыз?(Аталық және аналық жыныс хромосомаларының гомологиялық бөліктерінің бір бірімен айқасуы, яғни ата тек белгілерінің ұрпаққа берілуі)

Қызыл және ақ раушан гүлдерді будандастырып,бірінші ұрпақта қызыл түс жарық көреді.Ал ақ түс жасырын түрде қалады.Ақ түс гаметаға таза күйінде түсті және ұрпақтарына беріледі. Демек,бұл заң гаметалар бір тұқым қуалау белгіге қызыл түс (А) немесе ақ түс (а) ие екенін және оларды таза күйінде ұрпақтарына беретінін көрсетеді.Бұны генетикалық белгілермен де жазуға болады. Яғни,біз бұдан тұқымқуалау белгілі бір заңдылықтарға сүйенетінін және оларды генетикалық белгілер арқылы есеп шығаруға болатынын түсіндік.Олай болса біздің бүгінгі Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтады: Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі.

Мұғалім презентация арқылы жаңа тақырыпты түсіндіреді.

Тапсырма 1. «Сағат дос» әдісі арқылы жұптық тапсырма орындау.

1.Терминологиялық тапсырмалар. (Берілген терминдердің анықтамасын жазып, олардың арасындағы байланысты түсіндіріңіз)

1.Тұқымқуалаушылық

2.Генотип

3.Фенотип

4.Аллель

5.Гомозигота

6.Гетерозигота

7.Доминантты аллель

8.Рецессивті аллель

9.Гаметалар тазалығы

10.Моногибридті будандастыру

Тапсырма 2. Жұптық тапсырма.

Қоянның кара түсі ақ түсіне карағанда басым. Кара және ақ түсті гомозиготадан қандай ұрпақ күтуге болады?Барлық дараның генотипі мен фенотипін сипаттандар.(тактаға генетикалық таңбалар арқылы есеп шығарады және

ақ қағазға суреттерді жапсыру арқылы түсіндіреді)

Тапсырма 3 Топтық жұмыс Pisa тапсырмасы

1 топ тапсырмасы

Тұқымқуалаудың генетикалық заңдарының цитологиялық негіздері.

Сары және жасыл асбұршақты будандастыру сызбасын құру.

2 топ тапсырмасы.

Гаметалардың тазалық заңы.

Қызыл қызғалдақ гүлі мен сары қызғалдақ гүлін

3 топ тапсырмасы

Моногибридті будандастыру, басымдылық заңы.

Қара тышқан мен ақ тышқанды будандастыру сызбасын құрыңыз.

Тапсырма 4

Тегіс тұқымды бұршақ (А) мыжылған тұқымды бұршаққа (а) карағанда басым белгі.Бірінші ұрпақта қандай белгілер алынады? Бірінші ұрпақ дараларын өзара будандастырғанда екінші ұрпақта (F2) қандай генотиптік және фенотиптік қатынас байқалады?

Үй тапсырмасы:

Тақырыпты қайталау, 79-суретті салу, параграф соңындағы «Талдау»

бөліміндегі екі сұраққа жауап жазу.

Рефлексия

«Қоржынға асық жинау». Жасыл түсті асық – маған сабақ түсінікті болды.

Сары түсті асық – әлі де сұрақтарым бар.

Қызыл түсті асық – маған сабақ түсініксіз болды. Оқушылар суретті сөйлете отырып, сұраққа жауап беру арқылы жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды.

Сабақтың тақырыбын дәптерге жазып алады.

Оқушылар парақта берілген бұлшық ет түрлеріне тактада көрсетілген ұғымдарды сәйкестендіреді.

Сызбаны сурет көрнекіліктер арқылы постер қорғайды.

Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырманы орындайды.

Интерактивті тактада берілген бұлшық ет түрлерін 4 топқа жіктейді.

Оқушылар алдарында берілген жасыл, сары, қызыл түсті асықтардың біреуін

тандап, кері байланыс жазып, асық қоржынна салады

ҚБ: Мадақтау

Дескриптор

Білім алушылар:

- Оқушы әр терминге толық әрі нақты анықтама береді. 1 балл

- Олардың арасындағы байланысты түсіндіреді; 1 балл

Жалпы 2 балл

Дескриптор:

Формулаларды дұрыс жазу 2балл

Генотиптік қатынасты дұрыс табу 1балл

Фенотиптік қатынасты дұрыс табу 1балл

Жалпы балл 4

Дескриптор:

Генетикалық заңдылықтарды түсіндіреді 1балл

Сурет арқылы будандастыруды түсіндіреді 1балл

Жалпы балл 2баллл

Дескриптор:

Гаметалардың тазалық заңдылығын түсіндіреді 1балл

Сурет арқылы будандастыруды түсіндіреді 1балл

Жалпы балл 2

Дескриптор:

Моногибридті будандастыру мен басымдылық заңын түсіндіреді 1балл

Сурет арқылы будандастыруды түсіндіреді 1балл

Дескриптор:

1 ші ұрпақ белгілерін алады.

2 ші ұрпақта генотиптік, фенотиптік қатынасты табады.

ФБ: Бағалау парағы арқылы өзін-өзі 1-10 балл аралығында бағалайды және кері байланыс айтады.


1. Интерактивті такта

2. Үлестірме парақтар

1. Интерактивті такта;

2. PISA тапсырмалары.

Эльмира Дюсегалиева,
биология пәні мұғалімі,
№ 12 ЖББӨМ,
Орал қаласы



ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОРЖЫН

Білім және технологиялар

Функционалдык сауаттылықты дамытуға арналған есептер құрастыру



Соңғы кездерде жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу білім алушылардың нәтижелеріне оң әсерін тигізетіндігі белгілі болды. Оқытушы сабақ жоспарлау барысында өзі таңдаған жаңа әдіспен тапсырма дайындау кезінде оқушыларға жаңа білімді тиімді меңгертуге бағытталады. Компьютер мен байланыс құралдарын пайдалануды ұнататын оқушылар үшін жаңа әдістердің әсері анағұрлым жоғары. Сабақ жүргізетін сыныптарымда білім сапасы 63%-дан 70%-ға дейін көтерілді. Бұл ілгерілеуге, әрине, функционалдык тапсырмаларды күнделікті әртүрлі бағытта құрастырылған есептердің ықпалы зор.

Мысалы, 8 сыныпта көпбұрыштардың ауданын табу тақырыбында дәлелдеуге арналған есептерде оқушылар көбіне есептеу формуласының белгісіз элементтерін табу жолдарын білмей қиналады. Қиындық туындағанда есепті шеше алмай қалады. Сондықтан осындай есептердің ұқсасын ұсынып, қателерді тауып, түзетуге мүмкіндік беремін, кейін тапсырмаларды күрделендіріп отырамын.

Функционалдык сауаттылықты дамыту тәсілдерін қолдануда туындайтын қиындықтарға келетін болсақ, менің тәжірибемде сабақ жоспарлауда өз мүмкіндіктерін толық пайдалану салдарынан ерекше қиындықтар болмайды. Тақырыпқа байланысты тапсырмаларды әртүрлі жолмен орындауға болады. Кейде оқушылардың қызығушылығына сәйкес тапсырмалар дайындауға тура келеді.

Мен соңғы жылдары әр сабақ сайын функционалдык сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар дайындауға баса көңіл бөлемін. Сонымен бірге, жағдаяттық есептер қалыптастырып, олардың шешу жолдарын оқушылармен талқылауды қолға алдым. «Өрлеу» біліктілікті арттыру курсынан кейін сабақтарымда оқушылардың функционалдык сауаттылығын арттыруға бағытталған есептерді жүйелі түрде құрастыра бастадым.


Функционалдык сауаттылық тапсырмаларының сабақтың сол күнгі тақырыбына тікелей байланыстылығы;

Оқушыларды күнделікті өмір жағдайларынан алыстатпай, есепке қызығушылығын арттыру;

Оқушылардың өздерінің бұрынғы білімдері мен функционалдык сауаттылық негізінде есептерді шешіп, өзін-өзі бағалай алу қабілетін дамыту;

8 сынып оқушыларын зерттесе, тапсырмаларды шешудің нақты алгоритмі бойынша сұрақтарға (мысалы, 7 сұрақтың 4-5-сіне жауап беру) және топтық жұмыстау арқылы білім сапасы айтарлықтай жақсарғаны байқалады.

Өзім сабақ беретін 8 сынып алгебра пәніндегі қолданатын әдіс-тәсілдерге келсек, мысалы, квадрат үшмүше және



Виет теоремасы тақырыбын оқытып, 8.2.1.3 «Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу» тақырыбы аясында сабақ мақсаттарын анықтаймын: оқушылар үшмүшені көбейткіштерге жіктей алуын қамтамасыз ету. Сол үшін 6 сыныптағы «Ұқсас мүшелерді біріктіру», 7 сыныптағы «Көпмүшені көпмүшеге көбейту» тақырыптарынан тапсырмалар беріп, кері есептер ретінде «үшмүшені көбейткіштерге жіктеу» тапсырмаларын қолданамын.

Енді осы тақырыпқа байланысты функционалдык сауаттылықты дамытуға арналған есептерді құрастырамын. Мысалы, квадрат тендеулер функционалдык есептерде өте қолайлы. Оларды тұрмыстық немесе практикалық жағдайларға, мысалы экономика, физика, техника салаларындағы есептерге байланыстыруға болады.

Білім алушылардың функционалдык сауаттылығын арттыру мақсатында көп тапсырмалар дайындадым, бұл олардың пәнге қызығушылығын арттыруға септігін тигізді. Мысалы, 8 сынып оқушылары 5 сынып оқушыларына көмек көрсету бағытында тапсырмаларды орындады.

Мысал есеп: Үстел үстінде Нұрсилар мен Нұрсактаған Чио Рио кәмпитін қаптау үшін жылтыр қағаздан параллелограмм және ромб түрінде кималар жасауы керек. Нұрсилардың параллелограмм тәріздес кимасының ұзындығы 10 см, биіктігі 6 см

болса, ал Нұрсактағанның кимасының пішіні диагональдары 8 см және 6 см болатын ромб тәріздес. Егер қағаздың ауданы 120 см² болса, олар қандай төртбұрыш түрін таңдауы керек?

Бұл функционалдык тапсырманың әдістемелік мақсаты – оқушылардың

геометриялық фигуралардың ауданын есептеу формулаларын түсініп, қолдана алу қабілетін дамыту. Сонымен қатар, есеп оқушыларға формулаларды қорытындылап, нақты өмірлік жағдайларда пайдалануды үйретеді. Оқушылар параллелограмм мен ромбтың аудандарын есептеуде әртүрлі әдістер қолдануды үйреніп, қай жағдайда көбірек материал қажет екенін анықтай алады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын және геометрияның өмірмен байланысын түсінуін жетілдіреді.

Тағы бір тапсырма: Жағдай: «Нұртастың анасына мұғалімі баласының математикадан шығарған 5 есебінің 3-еуі қате екенін айтты.»


Тапсырма: «Нұртастың анасына сол есептердің қайсысы қате екенін анықтауға көмектесіңіз.»

Бұл тапсырма үлкенге көмектесу бағытында беріліп, оқушыларды тілдесу мен дәлелдеуге үйретеді. Келесі кезеңде физикадан параболаның орналасуы мен симметрия осі тақырыптарын еске түсіре отырып, сатылап орындауға болады.

Мысалы: Жағдай: «Велосипедші мына функция бойынша қозғалады: $y = -3x^2 + 6x + 2$ » Тапсырма: А) Велосипедшінің қозғалыс траекториясы қандай? Б) Ең жоғарғы нүкте туралы айтып беріңіз. С) Қозғалыс кезіндегі параболаның симметрия осі неге тең? Д) $y=0$ жолын велосипедші қай нүктеде қиып өтеді?

5 сыныптарға арналған мысал: Жағдай: «Анасы бес ұлына әртүрлі жерлерге бес кереует дайындады. Ұлдары Нұрбол, Ербол, Айбол, Бекбол және

Досболдың кереуеттері координаталық санақ жүйесіндегі нүктелермен белгіленген.»



Тапсырма: Есепте берілген нүктелердің координаталарын нақтылап, сәйкес аттарына байланысты бас әріпті дөңгелек ішіне жазу қажет: Н: (2,37) Е: (2,45) А: (2,4) Б: (2,35) Д: (2,47)

Сонымен қатар, «Апайдың ең үлкен ұлы мен ең кіші ұлын анықтаңыз» деген тапсырма беріледі: Үлкені: Кіші:

Бұл есепті білім алушылар жұп болып орындап, бір-бірін бағалайды. Жауаптары интербелсенді тақтада тексеріледі.

Функционалдык сауаттылықты дамытуға арналған деңгейлік тапсырмалар ретінде осындай есептерді жеке білім алушыларға үй тапсырмасы ретінде де беруге болады. Мысалы, жағдаят:

«Спорттық жарысқа 40 адам қатысты. Олардың ішінде қазақтар, орыстар, өзбектер және кәрістер бар. Ұлттарға сәйкес олар иррационал сандармен нөмірленді.» тапсырма неше кәріс неше орыс ұлтты адамдар бар?» есеп шығару барысында иррационал сандармен жұмыстанады.

$\sqrt{50}, \sqrt{3}, \sqrt{12}, \sqrt{27}, \sqrt{48}, \sqrt{5}, \sqrt{8}$

Білім беруші әрқашан оқушылардың функционалдык сауаттылықтарын халықаралық математикалық тапсырмаларды ескере отырып дамытуға үлес қосса, болашақта білім нәтижелерінің көрсеткіштері айтарлықтай артуы ықтимал.

Айгуль Бекмұханбетова,
математика пәні мұғалімі,
Қазталов ауданы

Біле жүріңіз!

Балаларға арналған математика туралы қызықты факт

1. Америкадан келген зерттеушілер математика емтиханы кезінде сағызды шайнаған студенттер көп нәрсеге қол жеткізеді деп санайды.

2. Математикалық еңбектерді тіпті Наполеон Бонапарт жазған.

3. Саусақтар мен тастар алғашқы есептеу құрылғылары болып саналды.


4. Ежелгі мысырлықтарда көбейту кестелері мен ережелері болмаған.

666 саны аңыздармен көмкерілген және ең мистикалық болып табылады.

5. 19 ғасырға дейін теріс сандар қолданылған жоқ.

6. Италияндықтар 17 санын ұнатпайды.

7. Көптеген адамдар бақытты 7-са-



нын деп санайды

8. Әлемдегі ең үлкен Сан — центи-лион.

9.2 және 5-те аяқталатын жалғыз жай сандар-2 және 5 сандары.

10.6 ғасырда Үндістанда квадрат тендеулер жасалды.

11. Егер сіз сфераға Үшбұрыш салсаңыз, онда оның барлық бұрыштары тек түзу болады.

12. Бізге таныс алғашқы қосу және азайту белгілері ша-

мамен 520 жыл бұрын 13. Ян Видман жазған «алгебра ережелері» кітабында

сипатталған.

14. Француз математигі Августин Коши 700-ден астам еңбектер жазды, онда ол жұлдыздар санының аяқ-қолын, сандардың натурал қатарының аяқ-қолын және әлемнің аяқ-қолын дәлелдеді.

15. Ежелгі грек математигі Евклидтің жұмысы 13 томнан тұрады.

16. Алғаш рет ежелгі гректер бұл ғылымды математиканың жеке саласына енгізді.

Материал ғаламтордан алынды



ӨРІМТАЛ

Менің атым...



Қазақ халқының ұрпағына азан шақырып, ат қоюда өзіндік ерекшелігі бар. Досымның әжесінің жеңіске қатысты өз отбасында өткен оқиғасын тыңдаған едік, соны жазуды жөн көрдім. Балаларының аттарын ерекше етіп қойғаны маған қатты ұнады.

Таңат атай мен Үмітай әженің отбасы он бір жыл бойы сәби күтеді. Дүниеге келген алғаш нәрестенің есімін Сән қояды. Бейбіт өмір, бала бақытты, отбасы сәнді ұяға айналады. Алайда ол қуаныш ұзаққа бармады. Сұм соғыс белең етті. Ауыл өмірі өзгерді. Таңат ата денсаулығына байланысты майданға жарамды, ер азаматтар соғысқа аттанды. Ел арманы – Жеңіске жету болатын. Ешкімнің жас ерекшелігіне қарамады. Жеңіс үшін жұмылды. Отбасына тағы бір нәресте 1941 жылы қосылды, есімін – Амангелді деп қойды. Барлығының амандығы үшін. Елдің арманы майданға кеткен барлық азаматтардың аман оралғаны. 1943 жылы қыз бала дүниеге келді. Ел үшін қан майданда жүрген батыр ерлеріміз түгел оралсын деп, есімін – Түгелден қояды. Қазақ халқы өте ырымшыл халық. Қуаныштың бұдан үлкені жоқ шығар. Майданға кеткендер орала бастады. 1945 жылы отбасына қыз



бала дүниеге келді. Есімін – Рахат қойған. Ол менің досымның нағашы әжесінің есімі. Ел рахат өмір сүрсін, бейбітшілік орнасын деген ел тілегі. 1949 жылы дүниеге келген қыз баланың есімін – Ұнаған қойған. Ел тыныш, ерлеріміз аман келсе, жоғымыз түгелденсе, ел рахат өмір сүрсе, бәріне ұнар еді. Сәнді отбасы деген осы емес пе?! Сән, Амангелді, Түгелден, Рахат, Ұнаған бұлар – тек

Жеңісті қолдаған, бейбіт өмірді қалаған есімдер деді әңгімесінде әжей.

Әңгімені бейбіт өмірмен байланыстырсақ, біз тәуелсіз мағыналы өмір кешудеміз.

Әженің естелік әңгімесінен кейін ғана өз есімім туралы сұрай бастадым.

Менің атым – Гүлназым. Есімімді анам қойған. «Қамбар батыр» жырындағы Назым есімі оқушы кезінде өзіне қатты ұнаған екен. Өзіндік назы бар, гүлдей сұлу ақылды қыз болсын деп қойған. Бұл есімді әкем қуана мақұлдаған.

«Есімде түрлі сырлар бар», – деген осы. Өз атымыз жайлы біле жүрейік!

Гүлназым Утарова,
8-сынып оқушысы,
Шаттық Кушербаева,
жетекшісі,
№1 ЖОББМ,
Бөрлі ауданы

«Атың кім?», – деген сұраққа қуана да ойлана да жауап беретін адамдар бар екені белгілі. «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл!», – деген бар халқымызда. Менің есімім – Бибінұр. Мысалы: Қызтумас, Айнұрбек, Тойған, Олимпиада, Монуэлла, Бекертуған т.б. Олимпиада – есімі қысқы ойын олимпиадасы кезінде қойылған есім. Монуэлла – өзге ұлт киносындағы кейіпкердің есімі.

Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» хикаятын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Шаттық апайымыз ерекше түсіндіріп, сабақты түрлендіріп өткізетін. «Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады», – дейді Қожа. Менің де сондай кезеңді бастан кешірген кезім болды. Шығармадағыдай Қожабергеннің «бергені» түсіп қалып, Қожа атанып кеткен еді. Менің де есімімнің «нұры» түсіп қалып, «Бибі» атанып кеттім. Бұл – есім 7 сынып оқушысы емес, үлкен жасы біразға келген апалардың есіміндей көрінетіні жасырын емес еді. Әжем бір күні менің атымды қалай қойғандары туралы айтты. 2012 жылы мен дүниеге келгенде есім қою бойын



ша үлкен пікірталас болыпты. Әжем айтысқан күні ерекше анық түс көрген, түсінде аян беріледі. «Әже, немереңіздің есімін Бибінұр қойыңыз, мен Айша бибімін деп», бір әже үлкен қалың кітапты сыйлаған екен. Кітаптың мұқабасында «Менің атым – Бибінұр» деп жазулы тұр. Бұл әрекетті жақсы ырымға балап, Қадыр ақындай ақын немесе заңғар жазушы

Мұхтар Әуезовтей мықты жазушы болады, – деп қуанған екен. Сол күннен бастап, өз есімім өзіме қатты ұнай бастады. Айша бибі туралы Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы екенін оқып білдім. Тараз топырағындағы таңғажайыптардың бірі – Айша бибі кесенесі туралы зерттедім. Достарымнан есімімді «Бибінұр» деп толық атауын өтіндім. Міне, менің ерекше атымының қызықты тарихы.

Бибінұр Самиғолла,
8-сынып оқушысы,
Шаттық Кушербаева,
жетекшісі,
№1 ЖОББМ,
Бөрлі ауданы

ТорIQ-дің пайдасы



Кішкентай ауылда Дина деген қыз тұрыпты. Дина 1-сыныпқа оқитын, өте ақылды бала екен. Ол үй тапсырмасын тез орындап, бос уақытын қалай өткізетінін білмейді.

Бір күні Динаның анасы оған ноутбукті қосып береді:

- Қарашы, қызым! Мұнда бір ғажайып әлем бар. Бұл - ТорIQ деген білім қалашығы!, – дейді. Дина қуанып, экранға үңіледі.

- Сәлем, Дина!,- деп қарсы алады оны Зейінді атты кішкентай робот. -Мен ТорIQ әлемінің серігі болам. Білім жолына бірге шығайық!

Дина қуанып, тапсырмаларды орындай бастайды. Ол әр тапсырма сайын жұлдызша жинайды.

-Егер барлық сұраққа дұрыс жауап берсең, «Білім асуына» шығасың!, – дейді Зейінді. Дина ойланп, әр сұраққа жауап береді. Ол әр тақырыпты еске түсіреді. Дина мен Зейінді «Білім асуының» ең биік шыңына жетеді. Сол жерде «Ақыл-кітап» атты үлкен кітап ашылып, Динаға былай дейді:

- Сен енді нағыз білім жолындағы батырсың!

Содан бастап Дина күнде ТорIQ электронды оқулығына кіреді. Ол сабағын үздік оқып, болашақта ұстаз болуды армандайды.

Дилназ Нохат,
Ш.Жексенбаев атындағы МБК,
1 сынып оқушысы,
Бөкей Орда ауданы

Сардар Әжіхан Дүйсеновтың өшпес ерлігін ұмытпайық!

Қазақ даласының кеңдігіндей кең жүректі, тау шырдарындай биік рухты ерлер болады. Солардың бірі – Әжіхан Дүйсенов еді. Ол – соғыс отына кеудесін тосқан, қанды майданда қайсарлықтың үлгісін көрсеткен қазақтың нағыз батыры. «Ерлік – ердің серігі», – дегендей, Әжіханның өмірі қаһармандықтың қайталанбас дастанына айналды. Менің ойымша, Әжіхан аға есімі – қазақтың шежіресінде алтын әріптермен жазылған сөнбес шырақ, ұрпаққа үлгі болар батыр.

Біріншіден, ұлы даланың қайсар ұлы Әжіхан Дүйсенов – қазақ даласының топырағынан жаралған, желдей еркін, таудай берік рухты жігіт еді. 1941 жылы соғыс қара бұлттай төңкеріліп, бейбіт даланың тыныштығын бұзғанда, ол қолына қару алып, Отанын қорғауға аттанды. Барлаушы болған Әжіхан жау тылына төрт рет кіріп, төрт рет өлімнің қара көлеңкесінен аман шықты. Оның әр қадамы – тағдырдың қыл арқанындағы би, әр демі – Отанға деген махаббаттың жалыны еді. Жарақат алғанда да мойымады, себебі оның көздерінде қайтпас қайсарлық жарқырап, жүрегінде туған жердің шұғыласы жанды. Ол – қарапайым қазақ ауылынан шыққан, бірақ рухымен аспанды бағындырған батыр. Оның бойындағы ерлік – даланың кеңдігіндей шексіз, таудың биіктігіндей асқақ еді.

Екіншіден, ол тек жауынгер емес, майдандағы сарбаздардың жүрегіне от жаққан рухтың жетекшісі болды. Мергендер ротасының командирі ретінде оның басшылығымен 473 фашист басқыншысы жойылды. Бұл – жай сан емес, әр оқта Отанға деген махаббаттың ізі, әр жеңісте қазақтың қайсар ұлының

қолтанбасы жатты. Атқыштар батальонын басқарғанда, ол жауынгерлеріне: «Біздің артымызда – анамыз, әйеліміз, баламыз, даламыз», – деп айтатын болған. Оның даусы – соғыс алаңындағы гүрсілдеген найзағайдай естіліп, сарбаздардың жүрегін дүр сілкіндіретін ұран еді. «Қызыл Ту», «Отан соғысы» ордендері мен «Ерлігі үшін» медальдары оның кеудесінде жұлдыздай жарқырап, қазақтың қайсар рухын паш етті. Бірақ ол марапат үшін емес, артындағы елдің тыныш ұйқысы үшін шайқасты. Оның көзқарасы – қырандай өткір, сөзі – оттай жалынды, ал жүрегі – даладай кең еді.

Үшіншіден, сардар ерліктің ең биік шыңын бағындыра білді. 1944 жылдың 10 тамызында Белорусь жерінде соғыс алаңы қанға боялып, аспан түтінге оранған күн. Сол күні Әжіхан Дүйсенов, 878 атқыштар полкінің 3 батальонының командирі, жауға қарсы соңғы шайқасқа аттанды. Ол кезде жерлесіміздің тағдыры Польша шекарасына таяп қалған еді. «Ер қазадан қашпайды, ерлікпен өледі», – дегендей, Әжіхан сол күні ерліктің ең биік шыңына көтерілді – өмірін Отанға арнап, қаза тапты. Оның соңғы демі майдан даласындағы қанды топыраққа сінді, бірақ рухы туған жеріне – Жәнібек даласына қайта оралды. «Ел үмітін ер ақтайды, ер есімін ел сақтайды». Оның қарулас досы Михаил Хомуло «Полк, к бою!» кітабында: «Ол – нағыз сардар еді. Қайсар, өжет, жауынгерлеріне рух берген қолбасшы», – деп Әжіханның нағыз болмысын ашып жазды. Әжіханның бейнесі – соғыс отынан шыққан сөнбес шырақ, қазақтың батыр қызы

Мәншүк Мәметова сияқты батырларымен бірге Отан үшін жанын қиған қаһармандықтың символы. Ол – қара түнді жарып шыққан таң шапағы, ерлігімен ұрпақтың жүрегін жылытатын мәңгілік от. Ол – соғыс отынан шыққан сөнбес шырақ, ұрпаққа үлгі болар батыр.

Қорыта айтқанда, тарихсыз халық пен ұлт болмайды. Ал ұлт бар жерде тұлға бар. Әжіхан Дүйсеновтың тарихи тұлғалар ұлы даланың батыры болуымен қатар, ұлтымыздың ірілігін көрсететін бейнелер. Олай болса, Сардар Әжіхан Дүйсеновтың өшпес ерлігін ұмытпау – біздің азаматтық борышымыз.

Альбина Сүндет,
10 сынып,
М.Мәметова атындағы
№27 мектеп-лицей,
жетекшісі Жазира Ишанғалиева,
Орал қаласы



Ғұн сарматтардың қару-жарағы (б.з.дейінгі II -б.з.V ғғ)

Біздің заманымыздың I мыңжылдығының шекарасында Еуразия даласын мекен еткен көшпелі халықтардың мәдениетінің келбеті толығымен өзгерді. Бұл процестерде жетекші рол атқарған, тарихта белгілі екі халықтың аты бойынша ғұн- сармат кезеңі деп аталатын жаңа кезең басталды.

Б.з.дейінгі I мыңжылдықтың аяғында Орталық Азияда ғұндар мен үйсіндердің, кангюлердің алғашқы мемлекеттік құрылымдары пайда болды.

Шаруашылықтың біртіндеп дамуы тұрмыстың салыстырмалы тұрғыдан біркелкілігі, этникалық жақындығы, саяси негізгі факторлар Орта Азияның ірі тайпалық бірлестіктерінің құрылуына алып келді. Олардың уақыты жағынан алғашқылары ғұндар болатын. Ғұндар жаңа заманға сай шаруашылық, тұрмыс, мәдениет формаларын тудырып, Еуразияның басқа көшпелі тайпалары мен халықтарына зор ықпал етті. Біздің заманымыздың II ғасырының аяғында ғұндар Орталық Азияны басып алып, Қытаймен тұрақты соғыстар жүргізіп, өз билігін батысқа қарай алыстатты. Бір тайпаларды бағындырып, екіншілерін тықсырып, үшіншілерін өз одақтарына тарта отырып, оларды үлкен қозғалысқа келтіріп, ғұндардың басым бөлігі I мыңжылдықтың аяғында батысқа жылжыды. Бұл қозғалыс жалпы алғанда үш ғасырға созылып, ғұндар бүкіл Оңтүстік Сібірді, Каспий бойының және Қара теңіз бойының далаларын басып өтіп, біздің заманымыздың IV ғасырында Рим империясының шекарасына дейін жеткен еді. Б.з.б III ғасырда басталған ғұндардың осындай саяси, әскери белсенділігінің нәтижесінде, әскери іс талаптарының өзгеруіне сәйкес, көшпелілер қару-жарағында да біршама өзгерістер пайда болып, олардың жаңа түрлері мен типтері жаңа қозғалысқа енеді. Бірақ қару-жарақ жасалуда бұған дейін қалыптасқан технологиялар мен материалдарды қолдану сақталды. Ғұндардың шаруашылығында да темірді, мысты және асыл металды өндіру, балкыту және өңдеу маңызды орын алды, бұл кәсіптерді негізі мыс және темір рудаларының кеніштері болды. Ғұндарда қолөнердің бір саласы болған қару-жарақ жасау кәсібі де жақсы дамыды. Көне ғұн тұрақтары мен обаларынан табылған қару-жарақ заттары мыстан, қоладан құю, темірден соғу технологиялық әдістерін биік деңгейін куәлайды. Сонымен

бірге ғұн қоғамында тасты, теріні сүйекті өңдеу өнері де жетілген деңгейде болды. Ғұн жауынгерлерінің басты шабуыл қаруы жақ пен оқ, семсер, шоқпар және найза болды.



Көне Қытай жазбаларында «Олардың алыстан пайдаланатын қаруы – жебелі садақ та, жақынға жұмсар қаруы, қылыш пен найза» - деп жазылады. Қытай жазбаларында ғұндардың шебер садақшылары болғаны, балалары кішкентайынан қосқарға мініп, садақ атуға жаттығып өсетіні айтылады. Б.з дейінгі III ғасырдан бастап ғұндар қолданған садақ көшпелілер садағының жаңа типі болды. Алысқа ату үшін жақтың конструкциясы одан әрі жетілдіріліп, адырнаның иіндері ұзартылып, бастары мен белі атқан кезде қозғалмас үшін 7 бекітпе сүйекпен күшейтіледі. Жақтың басының сүйектері ұшында кірісті байлауға арналған кесігі бар, сәл имек формалар болып келеді, белінің ортаңғы сүйегі доға формалы, екі бүйіріндегісі ұзынша болып жасалады. Сүйек жапсырмаларының ағаш иініне бекітілген астыңғы беті тегістеліп, желімді жақсы ұстау үшін оймышталып келтіріледі. Бұл садақ типі кері серпінді, әрі түрлі материалдардан жасалған күрделі садақ болатын, оны ғалымдар шартты түрде «ғұн садағы» деп атады.

Лариса Кожамбетова,
тарих пәні мұғалімі,
Жаңақала ЖББМ,
Жаңақала ауданы

Балабақша іргесіндегі біртұтас тәрбие



Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Осы бағдарламаны жүзеге асыру бағытында жыл бойы жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, «Денсаулық ұлт құндылығы» атты Орал қаласы білім беру бөліміне қарасты мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған қалалық семинар оздырылды. Шараға бөбекжай бөбектері, педагогтер және ата-аналарымыз үлкен жауапкершілікпен қатысты. Нәтижесінде, іс-шара қорытындысы білім беру бөлімінің Oral_bilim сайтына ілінді. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс екені анық осы мақсатты жүзеге асыруда “Ұлттық ойын халық



мұрасы”,

Әкелер мектебімен «Ұлттық ойындар» практикалық алаңы ұйымдастырылды. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу мақсатында «Әкем менің-тірегім, анам менің жүрегім» атты танымдық шара өткіздік. Жыл бойы ұйымдастырылған барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен тиімділігін арттырудағы игі шаралар алдағы уақытта та жалғасын табады деген ойдамын.

Тойындық Еркегалиева,
№31 «Балдәурен» бөбекжайы
менгерушісі,
Орал қаласы

Мектепалды сынып

Білім беру бөлімі: Қоршаған орта
Міндеті: әртүрлі мамандықтар, мектеп қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау.

Мотивациялық –қозғаушылық кезең Шаттық шеңбері «Сәлем, сәлем» «Сөйлеп тұрған кім?» ойыны. Педагог сөйлем оқиды, балалар сөйлемді тыңдап, мамандық иесін табады. –Балмұздақ, балмұздақ! Тәтті, шоколад қосыл ған. – Сатушы.

– Балалар, кітаптарыңды алып, партаға қойың дар. – Мұғалім.

–Аузыңды кең ашып, тамағыңды көрсетіп: «А-а-а!» – деп айт. – Дәрігер. Осы мамандық иелерінің құралдарының суретін әр топ бірігіп бояп беріңіздерші. Отшашу әдісімен балаларды мадақтау. Педагог:

– Балалар, сендердің іні, қарындастарыңды балабақшаға кім апарарды? Балалардың жауаптары тыңдалады.

– Балабақшаға апарған соң, ата-аналарың қайда барады?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

– Әділет, сенің әкең кім болып жұмыс істейді?

– Айлин, сенің анаң қайда жұмыс істейді?

– Аяна, сенің анаң не істейді?

– Алим, ал сенің әкең не істейді?

– Рахим, сенің анаң не істейді?

Педагог балалардың назарын демонстрациялық материалдарға аударады.

– Балалар, бұл қандай сурет? (Мектепте) – Біздің мектеп қалай аталады?

Педагог балаларға бір мамандық иесі туралы әңгіме тыңдауды ұсынады. «Мен балаларды жанымдай жақсы көремін. Күнде балабақшаға келген кезде бұлдіршіндердің:

«Анай, сәлеметсіз бе!» деген сөзін естігенде, жүрегім елжіреп сала береді.

Олар қуанса бірге қуанып, көңілдерін көтеру үшін, ойнатып, ән салдырып, әр баланың жан дүниесін ұғынуға тырысамын. Көздері мөлдіреген, жүздерінде күлкі ойнаған балаларға қарасам, бойымды қуаныш кернейді...» – Әңгімеде кім туралы айтылған? – Сендердің кішкентай бауырларыңды балабақшада кім қарсы алады? Біз қазір мектепке серуенге аттанамыз. Зырылдауықты айналдыруды өтінеді, тілі қай цифрға бала сол цифрды атайды, сол цифр артындағы тапсырманы, ойынды орындайды.

«Күн тәртібін ретімен орналастыр» ойыны. Педагог күн тәртібі кезеңдері бейнеленген әртүрлі фотосуреттерді үстелге қояды.

– Қандай күн тәртібі кезеңдері бейнеленген?

– Сендердің жандарыңда күні бойы кім жүреді?

–Сонымен қандай мамандықпен таныстық?

Балалар тәрбиеші мамандығымен танысқанын айтып, тәрбиеші апай күні бойы балалар үшін еңбектенетінін, сыйлы да құрметті мамандық екенін айтады.

Тағы бір бала шығып, зырылдауықты айналдыруды өтінеді.

Педагог балаларға жұмбақ оқиды.

Тәп-тәтті тамағы,

Астардың маманы. (Аспаз)

Әртүрлі тағам түрлері, асханада жұмыс жасап жатқан кезеңдер бейнеленген аспаздың суреті бар слайд пайда болады.

– Балалар, біздің аспаздың аты кім? Аспаз не істейді? (Балалардың жауаптары тыңдалады).

– Біздің балабақша асханасында аспаз жұмыс істейді. Аспаз мамандығы өте қиын да қызықты. Балалардың қарны тоқ, дендері сау болып өсуі үшін, аспаз апай таңертең ерте тұрып, балабақшаға келеді.

«Сөйлемді толықтыр» д/қ ойын. Демонстрациялық материалға назар аудартып, балалардың өздері жалғастыруын

өтінеді.

– Пештерді іске қосады.

– Картоп аршиды, турайды.

– Нан илейді.

– Ет турайды.

– Балық тазалайды.

– Сүт пісіреді.

– Көкөністерді турайды.

– Неше түрлі тәтті тағам дайындайды.

– Аспаздың еңбегі оңай ма екен?

– Ал біз аспаз апайдың еңбегін бағалау үшін не істеуіміз керек?

«Ыстық картоп» ойыны.

– Барлығымыз бірге шеңберге тұрайық.

Шеңбер бойымен картоптың суретін тез-тез бір-бірімізге ұсынып, балабақшада дайындалатын тағамның атын атаймыз.

– Жарайсыңдар! Сендер балабақшада пісірілетін көптеген дәмді тағамдарды біледі екенсіңдер. Біздің аспазға осылайша қонаққа бардық. Серуенді жалғастырамыз ба?

Зырылдауықты жүргіз. Зырылдауық тілі қандай цифрға келді?

Бір-бірлерінді мадақтап отшашу шашамыз.

Слайдта мейірбикенің суреті пайда болады.

Іш ауырса, тіс ауырса,

Маған дәрі береді.

Барлық ана, барлық бала

Оны жақсы көреді.

– Балалар, бұл кім? Оның мамандығы қалай аталады?

– Мынау – біздің балабақша мейірбикесі.

– Мейірбике не істейді?

– Мейірбике балалардың күнделікті ас мәзірін дайындайды, денсаулығын,

тазалығын тексереді, балалардың өсу,

салмақ қосу кезеңдерін қадағалайды.

Сергіту сәті.

«Қажетті құралдарды жина» ойыны

(Үстелде әртүрлі заттар шашылып жатады, соның ішінен мейірбикеге қажетті құралдарды жинап, сөмкеге салу қажет).

– Балалар, мейірбике асығып жүріп

құралдарын шашып алыпты, оның медициналық сөмкесін жинауға көмектесулеріңізді сұрайды. Біз оған көмектесеміз бе?

– Барлығын дұрыс жинадыңдар ма, тексерейік.

Келесі цифр қандай?

«Не үшін керек?» ойыны

Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш машина, үтік, үтіктеу тактасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы.

– Біздің тазалығымыз үшін кір жуушы апайға хормен «Рақмет!» – деп айтайық!

– Балабақшадағы барлық мамандар балалар үшін қызмет жасайды, таңертеннен кешке дейін балалар үшін еңбектенеді, сондықтан сендер ол адамдарды құрметтеуге тиіссіңдер. «Лайк» әдісі арқылы ҰОҚ қорытындылау.

ҰОҚ түсінікті ұнаған болса жүректі қызыл түске бойымыз.

ҰОҚ түсініксіз болса сары түске бойымыз.

ҰОҚ мүлдем қызықсыз болса жасыл түске бойымыз.


Күтілетін нәтиже:

• Мектеп мамандары балалар үшін жұмыс жасайтынын түсінеді;
• Мектеп мамандарының қайсысы қандай жұмыспен айналысатыны туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады, еңбектерін бағалау керектігін ұғынады.

Гулдана Айтмухамбетова,
тәрбиеші,
№7 ЖББМ,
Ақсай қаласы

Тәрбие мен даму

“Біртұтас тәрбие жолымен – болашаққа сенімді қадам”



Даналық — адамды басы бүтін және үнемі баурайтын соңғы лебіз, соңғы дау. Даналық өне бойы өткенге көз тастап, тарихқа үнілумен болады, адамның, қоғамның, халықтың қазіргі күйіне өткен шақ және болашаққа қарап, салыстырады, сынайды. Сократтың ойынша, даналық деген дүниені, өзінді басқаларды түсіну, бәріне де түсінікпен қарау. Философияның даналыққа байланысты тағы бір анықтамасы — түсінік. Геккельдердің философиясы рухты түсінуге бағытталса, К.Маркстың философиясы тарихты түсінумен байланысты. Міне, осындай құндылықтарды бала бойына қалыптастыру біздердің, ұстаздардың мойнына жүктелген міндет. Баланың болашақта рухани бай, жаны кең, білімі бәсекеге сай тұлға болуы білім мен тәрбиенің

қатар үйлесімді жүргізілуіне байланысты. Яғни отбасымен тығыз байланыс жүргізе отыра, отбасылық құндылықтарды жандандыра отыра, атаға құрмет, әжеге сый, кішіге ізет, обал-сауап сияқты ұғымдардың бала тәрбиесінде ойып тұрып орын алуларына жағдай жасалуы керек. Осындай жұмыстарды жүргізу «Біртұтас тәрбие» жобасы аясында біздің №30 мектепте екінші жыл жүзеге асып жатыр. Мені «Даналық» клубының жетекшісі ретінде тағайындады.



Сол уақыттан бері бұл клуб жылдық жоспарына сай өз жұмысын бастады. Ұлттық тәрбие мектептерін қалпына келтіру бағытында «Даналық мектебі» Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бір бағыты ретінде мектептерде клубтық форматта жұмыс істеп жатыр. «Даналық мектебі» клубында ата өсиетін, әже даналығын, ағаның қамқорлығын, жеңгенің

кеңесін жан-жақты түсіндіретін іс-шаралар жүргізілді. Әр клуб өз жоспарына сәйкес әртүрлі тәрбиелік шаралар ұйымдастырады. Іс-шараларға мектебіміздің сыныптарының аталары мен әжелері дөңгелек үстелге, жеңгелері шеберлік сыныбына, ағалары сайысқа қатысады. Өткізілген шараға жас ерекшелігіне сай оқушылар қатысып,



өз әсерлерімен бөлісті. Осылайша әр клубтың және ұлттық тәрбие мектебінің жұмыстары жанданып, әрі қарай дамыса, болашаққа нық сеніммен қарайтын, жаны мен тәні таза, бойында ұлттық құндылықтар мықтап орныққан, өзіне сенімді тұлға тәрбиелейтініне сенімім мол.

Лунара Курманова, бастауыш сынып мұғалімі, №52 ЖББОМ, Орал қаласы

Тәрбие туралы ұлағатты сөздер

Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.

Ахмет Байтұрсынұлы

Тәрбие басы – тіл.

Жүсіпбек Аймауытов

Бала тәрбиесінің ең үлкені – оны еңбекке баулу. Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады.

Әзілхан Нұршайықов

Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бакытын аялау, өзіннің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық – ұлы нәрсе

Зейнолла Қабдолов

Шындық – бұл ерлікке тәрбиелеудегі ең бір құнарлы құрал.

Бауыржан Момышұлы

Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды.

Абай Құнанбайұлы



География, 7 сынып

Көлік инфрақұрылымы

Сабақтың мақсаты:

Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттайды;

Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылымының маңыздылығына баға береді;

Құндылықты дарыту: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Сабақтың барысы:

Сабақтың басы

(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

«Жүректен жүрекке» психологиялық ахуал

«Глобус» арқылы 3 топқа бөлу

1. Құрлық көлігі
2. Су көлігі
3. Әуе көлігі

Білім алушының іс-әрекеті: Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды. «Глобус» арқылы 3 топқа бөлініп отырады.

Бағалау: «Домбыра» арқылы 1-10 балл аралығында оқушылар өзін-өзі бағалайды.

Ресурстар: 7 сынып оқулығы, жұмыс дәптері <https://wordwall.net/ru/resource/90367863>

Үй жұмысы

«Фортуна дөңгелегі» әдісі

«Wordwall» платформасы арқылы өткен сабақ тақырыптары бойынша сұрақтар қояды

1. Табиғи ресурстар дегеніміз не?
2. Сарқылмайтын табиғи ресурстарды ата?
3. Табиғи ресурстар экологиялық тұрғыдан нешеге бөлінеді?
4. Қалпына келетін ресурстарды ата
5. Карьер деп нені атаймыз?
6. Биологиялық ресурстар қандай ресурстарға жатады?
7. Табиғатты қорғаудың қандай шараларын білесің?
8. Қалпына келмейтін ресурстарды ата

Бағалау:

Дескриптор:

Жалпы – 1 балл:

1. Экономикалық география бөлімі бойынша өткен тақырыптарды еске түсіру сұрақтарына жауап береді;

Білім алушының іс-әрекеті: Оқушылар «Wordwall» платформасы арқылы өткен сабақ тақырыптары бойынша сұрақтарға жауап береді

Ресурстар: 7 сынып оқулығы, жұмыс дәптері <https://wordwall.net/ru/resource/90367863>

Сабақтың ортасы:

Жаңа сабақ:

«Суреттер сөйлейді»

-Суреттерде қандай ортақ белгі бар?

-Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай?



Білім алушының іс-әрекеті: Оқушылар суреттерді салыстырады. Сабақтың тақырыбын анықтайды. Сабаққа мақсат қояды.

Бағалау: «Жарайсың» деген мақтау сөзімен ынталандыру.

Ресурстар: 7 сынып оқулығы, жұмыс дәптері, интербелсенді тақта.

Мағынаны тану

«Түртпін алу» әдісі

Бейнеролик: Көлік инфрақұрылымы

-Көлік түрлері?

-Көліктердің маңыздылығы қандай?

-Қазақстан әлеуеті қандай?

Білім алушының іс-әрекеті: Көлік инфрақұрылымына тоқталып оның маңыздылығын атайды.

Ресурстар: 7 сынып оқулығы, жұмыс дәптері, интербелсенді тақта. <https://youtu.be/pYoVaLi8xM?si=OmY460iguVG4lyLm>

Тапсырма

(ТЖ) Топтық жұмыс

«Постер» әдісі

(функционалдық сауаттылық тапсырмасы)

Оқушылар мәтін бойынша топтық жұмыстар орындайды

1 – Топ құрлық көлігі

2 – Топ су көлігі

3 – Топ әуе көлігі

Тапсырма критерийі;

-Көлік түрінің ерекшелігін сипаттайды;

-Көлік түріне мысалдар келтіреді;

-Қазақстандағы маңызын анықтайды;

Білім алушының іс-әрекеті: Оқушылар

көлік инфрақұрылымы бойынша сипаттайды. Мәтіндегі ақпараттарды талдайды

Бағалау:

Дескриптор:

Жалпы 3 – балл

1.Көлік түріне мысалдар келтіреді;

2.Көлік түрінің ерекшелігін сипаттайды;

3.Қазақстандағы маңызын анықтайды;

Ресурстар:

А3, түрлі-түсті маркерлер, қосымша мәтін

2 Тапсырма

(ЖТ) Жеке жұмыс

Көліктің артықшылықтары мен кемшіліктерін кестеге толтыр

Оқушының іс-әрекеті:

Оқушылар көліктің артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып, кестені толтырады.

Бағалау:

Дескриптор:

Жалпы 2 – балл:

1.Көлік түрінің артықшылығын атайды;

2.Көлік түрінің кемшілігін атайды;

Ресурстар:

7 сынып оқулығы, жұмыс дәптері, интербелсенді тақта, үлестірме тапсырма

3 Тапсырма (ФС) тапсырмасы

(ЖТ) Жұптық тапсырма

«Картамен жұмыс» әдісі

(функционалдық сауаттылық тапсырмасы)

1.Қазақстанның ендік және бойлық бағытындағы теміржол магистралдарын сызыңыз

Қазақстанда үш меридиан бағытындағы теміржол магистралы бар – 1. Орынбор – Ташкент, 2. Түркістан – Сібір (Семей – Алматы – Құлан) 3. Трансқазақстан (Петропавл – Қарағанды – Шу)

Екі ендік бағытта жүретін магистрал бар – 1. Ортасібір (Челябинск – Қостанай – Көкшетау – Қарасу) 2. Оңтүстік сібір (Қарталы – Астана – Құлынды – Барнаул)

Білім алушының іс-әрекеті: Оқушылар Қазақстандағы көлік жолдарын анықтап картаға сызады

Бағалау:

Дескриптор:

Жалпы 2 – балл:

1.Теміржол магистралдарын белгілейді;

2.Құбыр жолдарын анықтайды;

Ресурстар: 7 сынып оқулығы, жұмыс дәптері, интербелсенді тақта, кескін карта

Бекіту тапсырмасы



«Викторина» әдісі

Оқушылар көлік инфрақұрылымы тақырыбы бойынша викторина сұрақтарына жауап береді

Білім алушының іс-әрекеті: Оқушылар көлік инфрақұрылымы бойынша тоқталып сипаттайды. Сұрақтарға жауап береді.

Бағалау:

Дескриптор:

Жалпы 2 – балл:

1.Көлік инфрақұрылымын анықтайды;

8 – 10 дұрыс жауап 2 балл

5 – 7 дұрыс жауап 1 балл

Ресурстар: <https://wordwall.net/ru/resource/32411589>

Сабақтың соңы:

Кері байланыс

«Ұшақ билеті» әдісі

Оқушылар әдісі арқылы кері байланыс орнатады

Білім алушының іс-әрекеті: Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады

Бағалау: Тапсырмаларды орындауына байланысты

1 – 10 балл аралығында оқушылар өзін-өзі бағалайды

Айнур Ергалиева,
география пәні мұғалімі,
Володар ЖОББМ,
Бәйтерек ауданы





МЕТОДИЧЕСКАЯ КОПИЛКА

Из опыта работы

Задача педагога инструментального класса



Педагог инструментального класса призван быть главным наставником ребенка в обучении исполнению на инструменте, привитию вкуса и любви к музыке. Именно он в первую очередь призван формировать и развивать эстетические воззрения и художественные вкусы детей, приобщать их к миру музыки и обучать искусству исполнения на инструменте.

В практике лучших педагогов эстетическое воспитание имеет самые различные формы — от бесед на уроке и во время классных собраний до совместных посещений концертов, театров, музеев с последующим их обсуждением. Эстетические представления учащихся формируются на репертуаре, который они изучают, и в зависимости от того, в какой мере работа над ним ориентирована на их подлинно художественное воспитание. Поступление ребенка сразу в две школы (общеобразовательную и музыкальную) вносит в его жизнь коренные изменения. Происходит резкий переход от игровой деятельности, характерной для детей в дошкольный период, к учебной работе, которая требует от ребенка больших психических и физических усилий. Столкнувшись с большим объемом школьных заданий и целым потоком новой информации, дети начинают понимать, что учение — это прежде всего труд, требующий от них большого терпения, внимания, умственных усилий и различных самоограничений. Не все дети могут сразу приспособиться к такому режиму, поэтому у многих из них наступает разочарование.

Педагог должен предотвратить этот критический момент и заранее сформировать у ребенка желание учиться в музыкальной школе, если все же замечается падение интереса ученика к занятиям, необходимо срочно искать новую индивидуальную форму занятий с ним.

Одной из причин падения интереса к занятиям у детей может быть однообразие изучаемого, преобладание в нем инструктивного материала или теоретических заданий, оторванных от практических занятий на инструменте. Другая частая причина — завышение программы, работа над которой угнетает ребенка. Поэтому увлечение чрезмерно интенсивным продвижением ученика вперед следует лишь в особых случаях.

Современное развитие педагогики убедительно доказывает, что пренебрежение закономерностями, характерными для каждой отдельной возрастной группы учащихся, ведет к неудаче.

Перед начинающим учеником нельзя ставить сразу большое количество задач. Это нарушает основной дидактический принцип «доступности и последовательности в обучении» вызывает непомерное психическое и физическое напряжение, которое приводит к появлению отрицательных эмоций.

Яркий эмоциональный тонус создаст наиболее благоприятные условия для образования рефлекторных навыков. Если у маленького ребенка нет положительного тонуса, то новые рефлекторные навыки не образуются, а уже возникшие — не закрепляются. Дети младшего школьного возраста не обладают устойчивым вниманием. Поэтому большое значение приобретает темп ведения

урока. Чрезмерно быстрый или замедленный темп одинаково отрицательно влияют на устойчивость и концентрацию внимания младших школьников.

Изучаемые произведения должны быть небольшими по протяженности. При введении в работу нового, более сложного материала важно соблюдать постепенность. Объяснения следует делать краткие и конкретные, подкрепляя их исполнением на инструменте.

Заложенные на первых уроках основы музыкальных знаний и навыки игры на инструменте во многом определяют успехи дальнейшего музыкального развития и образования учащихся. Поэтому начальному этапу обучения следует уделить пристальное внимание.

В инструментальном классе следует максимально использовать возможности индивидуального обучения, сочетая в то же время индивидуальные формы занятий с коллективными (создание различных

внутриклассных ансамблей и др.). С первых же уроков и в дальнейшем, на протяжении всего периода общения с учащимися педагогу необходимо стремиться как можно лучше познать личность ученика в самых различных ее проявлениях и идеях развития.

Следуя этим путем, можно успешнее найти оптимальное решение проблемы обучения очень разных по своим способностям детей, помочь им возможно более полно проявить себя в сфере музыки и правильно сориентироваться в выборе будущей профессии.

Ответить на вопрос — стоит готовить ученика к профессиональной музыкальной деятельности или нет, часто нелегко. Положительный ответ может быть дан лишь в тех случаях, когда налицо явно выраженные музыкальные способности. Но не менее важно и наличие у ребенка интереса к музыке. Дети, серьезно увлекшиеся ею, часто значительно успешнее развиваются, чем те, кто относится к ней индифферентно, хотя обладают большими способностями. Уже в средних классах школы, а иногда и раньше, выделяется группа ребят, проявляющих себя в занятиях более активно, быстрее разучивающих произведения, выразительнее их исполняющих. Таких учащихся нельзя задерживать в их развитии. Важно задавать им сочинения более трудные и в большем количестве, смелее продвигать их в техническом отношении, предоставлять им возможность чаще выступать публично. Обеспечивая таким ученикам более быстрое освоение техники игры на инструменте, необходимо уделять самое пристальное внимание и их общему музыкальному развитию, заботиться о том, чтобы они больше слушали музыку, читали с листа, аккомпанировали, играли в ансамблях, а обучающиеся на струнных и духовых — в оркестре, т. е. развивались всесторонне.

Неустанной заботой должны быть окружены и ученики со скромными способностями к музыке, не склонные впоследствии заниматься ею профессионально. Таких, как правило, в классе бывает большинство. Истинный педагог должен находить удовлетворение, воспитывая их как всесторонне развитых, культурных слушателей и участников самодеятельного музицирования, людей, которые в дальнейшем смогут создать атмосферу любви к искусству у своих сверстников, в своей семье. К таким ученикам следует предъявлять достаточно высокие требования, памятуя, что воспитание любителей — дело серьезное. Особое внимание следует обратить на то, чтобы у менее способных детей не возникло ощущение своей неполноценности, т. к. это будет тормозить их развитие и может привести к утрате веры в себя, вызвать антипатию к музыке. Важно поэтому внимательно следить, чтобы интерес к музыке, музицированию (слушание музыки, игра в ансамблях, чтение с листа, аккомпанемент и т. д.) в процессе занятий возрастал, чтобы искусство становилось им все более необходимым, и они ясно осознавали его огромное значение в жизни каждого человека.

Елена Лоскутова,
ДМШ имени Д.Нурпеисовой,
г. Уральск

Внеклассное мероприятие

«I Love English»

Выбор темы, формы и подбору материала для внеклассного мероприятия по английскому языку обусловлены её актуальностью и местом в системе уроков английского языка.

Целью мероприятия было повысить интерес учащихся к изучению иностранного языка и стране изучаемого языка.

Расширить лексический запас учащихся по темам School, English speaking countries; Расширить лингвистический кругозор и эрудицию учащихся;

Выявить уровень знаний, умений и навыков по пройденным темам;

Повторить грамматического материала по темам Present Simple, Present Continuous;

Воспитать умение работать в команде; взаимопомощи;

Содержание и форма проведения мероприятия соответствовала запланированным целям и поставленным задачам.

План проведения мероприятия

1. Приветствие

Учащиеся разделились на две команды, выбрали капитанов. Придумали интересные названия своим командам: «The Eagles» и «The Dream Team» и девизы

2. Викторина

Следующим этапом мероприятия была викторина, связанная с историей, традициями народов Великобритании и Соединённых Штатов Америки. Учащиеся должны были дать правильный вариант ответа, за который получали жетоны. Викторина была составлена с помощью онлайн платформы Chat GPT

<https://chatgpt.com/share/6891a12f-0ae8-8006-bcea-5f4796f03afe>

3. Чёрный ящик

Темой игры — соревнования «I love English» было изучение традиций и обычаев народов Северной Америки и Великобритании, в задании «Чёрный ящик» учащиеся должны были угадать название скрытых предметов по описанию, которые находятся в черном ящике. В задании была использована Британская традиция «Five o'clock»

<https://chatgpt.com/share/6891a3de-8fcc-8006-8985-a36780bc7507>

4. Конкурс капитанов - переводчиков!

Работа с английскими пословицами. Капитан каждой команды выбирает карточку, посоветовавшись с товарищами, читает и переводит пословицу. Если перевод дословный, то команда получает один жетон, а если команда называет аналогичную пословицу или ее вариант на казахском и русском языках, то — 2 жетона.

Затем капитаны соревновались в быстроте произнесении английских пословиц.

5

Командное задание в игре соревнования «I love English» завершило мероприятие: учащиеся должны правильно составить названия городов Великобритании и США, для рефлексии ребятам было предложено задание: закончить предложения обобщающие всю информацию, полученную на мероприятии.

<https://chatgpt.com/share/6891a5c8-819c-8006-9d97-542587896918>

По окончании мероприятия были подведены итоги, всем учащимся вручены грамоты и сладкие подарки.

На мероприятии были использованы

приёмы и методы коллективной, групповой работы с учащимися.

Сочетание этих методов и приёмов, позволили осуществить скрытый контроль развития речевых умений и

увидеть усвоение учащимися ранее пройденного материала.

Считаю, что данное внеклассное мероприятие прошло успешно, так как никаких негативных моментов в мероприятии не прослеживалось.



Учащиеся с охотой и интересом вступали в диалог друг с другом, активно работали в группах,

Во время проведения мероприятия в классе царил атмосфера дружбы и взаимовыручки. Поставленные цели и задачи мероприятия были реализованы.

Мероприятие имело большую познавательную ценность.

Дети получили эмоциональное и эстетическое удовлетворение.

Маргарита Савилова,
учитель английского языка,
Волдарской ОШ



Білім мен тәрбие

11 сынып

Ұстаз - шәкірт жүрегінің шырағы



Ұстаз деген — шырақ жаққан адамға, Нұр сыйлаған қараңғы мен санаға. Білім беріп, тәрбиелеп әр баланы, Жетелейді арман менен самғауға. Дәл осы өлең жолдары менің жүрегімдегі ұстаз бейнесін айқын сипаттайды. Мен — Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 3 “Ж” сынып оқушысы Бақытжан Заңғардың анасы боламын. Осы жазбамды ерекше құрметпен, алғыс сезіммен баламның сынып жетекшісі Иманғалиева Жанылай Унсапаровнаға арнағым келеді.

Ұстаз — тек білім беруші ғана емес, бала жүрегіне жылу ұялататын, өмір жолына бағыт беретін шын жанашыр. Жанылай Унсапаровна да сондай тұлға. Ол тек оқушыға сабақты қызықты, түсінікті етіп үйретіп қана қоймай, әр оқушының қабілетіне қарай қолдау көрсетіп, жетістігіне қуанып, сәтсіздігіне демей болады. Әрбір оқушыны өз баласындай қабылдайды. Осындай қамқорлық пен мейірімділіктің арқасында сыныпта ұйымшылдық, ынтымақ пен үздік білім беру ортасы қалыптасқан.

Заңғар басқа мектептен ауысып келген кезде алғашында балам үшін қобалжып уайымдағаным рас. Бірақ Жанылай ұстаз баламды бірден байқап, математикаға бейімділігін көріп, қолдау білдірді. Сол сәттен бастап түрлі олимпиадаларға дайындай бастады. 2-сыныпта “Бастау” қалалық олимпиадасынан жүлделі 3-орын алып, алғаш жетістіктің дәмін таттық. Ұстазы мен оқушысы бұған тоқтап қалмай, жазғы демалыс кезінде де дайындықты жалғастырды. Ол өз демалысын Заңғарға арнап, шын ниетімен оқытты. Соның нәтижесінде Заңғар 3-сыныпта Республикалық “Алтын сақа” олимпиадасының мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңдерінен сүрінбей өтіп, Республикалық деңгейде І орынды жеңіп алды.

Баламның жетістігінің әрбірінде Жанылай ұстазының қолтаңбасы бар. Ол үнемі іштеніс үстінде жүріп, тек сабақпен шектелмей, қосымша материалдар, жаңа әдістер арқылы оқушыға жан-жақты білім бере білуде.

Бұл — баламның ғана емес, ұстазының оқушысына деген сенімі мен қажырлы еңбегінің жемісі. Алдағы уақытта да ұлым ұстазының сенімін ақтап, биік белестерден көрінеді деп сенемін. Ұлымның осындай ұлағатты ұстазы барына дән ризамын.

3 сынып оқушысы Бақытжан Заңғардың анасы Дария Сарсенова, Д.Қонаев атындағы №44 МГ, Орал қаласы

Жасанды интеллект және оны қолдану салалары

Сабақтың мақсаты:

- Жасанды интеллектінің білім беру саласындағы мүмкіндіктерімен танысу;
- Жасанды интеллектінің салаларда қолданылуы, артықшылықтары мен ерекшеліктері, мүмкіндіктері мен құнын анықтау;
- Білім беру саласындағы жасанды интеллект бағыттарын меңгеру;

Бағалау критерийі:

- Жасанды интеллектінің білім беру саласындағы мүмкіндіктерін ажыратады;
- Жасанды интеллектінің салаларда қолданатындығын, артықшылықтары мен ерекшеліктері, мүмкіндіктері мен құнын анықтайды;
- Білім беру саласындағы жасанды интеллект бағыттарын меңгереді;

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы үшін (қысқартылған бағдарлама негізінде):

Жасанды интеллект ұғымын түсінеді; Жасанды интеллектінің қолдану салаларын ажыратады;

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну, қолдану.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт Педагогтің әрекеті:

Сабақтың басы: 5 минут Ұйымдастыру: Оқушылармен амандасады. Оқушыларды түгелдейді.

Оқушыларға «Сықырлы қорап» әдісі арқылы жағымды психологиялық ахуал туғызу арқылы оқушылардың көңіл-күйін көтеріп сабаққа ынтасын аударады.

Оқушының әрекеті: Мұғаліммен амандасады. Оқушылар қораптан топшамалар тандап алады, бір-біріне жылы тілектерін білдіреді.

Мұғалімнің әрекеті: Оқушыларды «Мозайка» әдісі арқылы топқа бөледі.

1-топ «Робот», 2-топ «Адам».

Оқушының әрекеті: Оқушылар суреттер арқылы екі топ болып құралады.

Мұғалім әрекеті:

Жеке жұмыс «WORDWALL» платформасы арқылы өткен тақырыпқа шолу жасайды.

Өткенге шолу сұрақтары:

-Жасанды интеллект сөзінің ағылшынша атауы?

-Жасанды интеллект анықтамасы.- Жасанды интеллект жүйелері деп нені айтамыз.

-Жасанды интеллектінің негізгі идеясы қалай шыққан?

- Жасанды интеллект жүйесін әзірлеушілердің мақсаты қандай?

-Жасанды интеллектінің қолдануға мысалдар келтіру.

-Жасанды интеллект бағыттарын атап айту

Оқушының әрекеті: Сұрақтарды тандап, жауап береді.

Дескриптор:

1. Жасанды интеллектінің және жасанды интеллект жүйелерінің анықтамасын ажыратады;

2. Жасанды интеллектінің қолдану мысалдарын келтіреді

1. Жасанды интеллект бағыттарын ажыратады

Бағалау: ҚБ: «Өзара бағалау» әдісі, 1 балл

Ресурс: Сілтеме: <https://wordwall.net/ru/resource/58985434>

Сабақтың ортасы, 10 минут. Жаңа сабаққа кіріспе:

Топтық жұмыс. «Болжам жасау» әдісі бойынша сабақ тақырыбын анықтау мақсатында оқушыларға түрткі сұрақ беріледі, оқушыларға сабақ тақырыбын болжау ұсынылады және экраннан көрсетіледі. Сұрақтарға жауап береді.

Өмірде жасанды интеллектті қолдану саласы өзін әртүрлі қырынан көрсете алады ма?

-Сонымен қатар қандай да бір қызмет саласына пайдалы болуы мүмкін бе?

Оқушының әрекеті: Оқушылар түрткі сұрақтар бойынша өз ойларын білдіре оты-



рып, сабақ тақырыбын болжайды.

1. Сабақ тақырыбын дәптерге жазады.

2. Тақтада берілген түрткі сұрақтар бойынша талқылап сабақтың тақырыбын анықтайды.

3. Сабақтың оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерімен таныстырады.

Бағалау: ҚБ: «Бас бармақ» әдісімен бағалау, 1 балл

Мұғалім әрекеті: 10 минут

Топтық жұмыс. «Кластер» әдісі бойынша тұжырымды ойларын карталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады, бағаланады.

1-топ жасанды интеллектіні экономикада қолданудың қандай артықшылықтары бар?

2-топ Интеллектуалдық жүйелер жедел дамыған жағдайда қандай мамандық иелері болашақта жұмыссыз қалуы мүмкін?

ЕБҚЕ оқушы үшін тапсырма қысқа мәтін оқу ұсынылады, мәтін бойынша берілген сұраққа жауап нұсқаларынан дұрыс жауапты белгілеу.

«Жасанды интеллект құралдары кез келген компьютерлік ойынның ажырама бөлігіне айналды»- деген ұғыммен келісесіз бе?

1. Ойыншыға қажеттіден де артық мүмкіндік береді.

2. Ойын жүйелерімен өзара әрекеттесе алады.

3. Ойыншыға өзінің мақсаттары туралы айтады

4. Ойыншының әрекетіне қарсы әрекет етеді. 5. Өзіндік мақсаттары бар.

Оқушының әрекеті: Оқушылар сұрақты мұқият оқиды. Әр топ берілген тақырып бойынша таныстырылым дайындайды. Постер қорғайды.

Дескриптор:

-1-топ ЖИ экономика саласындағы тиімді тұстарын көрсете алады;

-2-топ ЖИ даму қарқынының салдарынан болашақтағы мамандық иелерінің жұмыссыз қалу ықтималдығын түсіндіре алады;

ЕБҚ бар оқушы берілген мәтін бойынша қойылған сұраққа жауап береді

Дескриптор: -мәтінді оқып, сұраққа жауап бере алады

Дескриптор: -интернет желісін қолдана алады;

-жасаған жұмыстарын мәтіндік редакторға көшіріп, сақтай алады

Бағалау: ҚБ: Смайликтер арқылы бағалау, 2 балл

Ресурстар: Интернет ресурстары, топшамалар.

Мұғалімнің әрекеті: 10 минут.

Функционалдық сауаттылыққа тапсырма:

Жеке жұмыс. «Виртуалды экскурсия» тапсырмасы

Айнұр stepik.org білім ресурсын ашып жұмыстанды. «Жасанды интеллект» тақырыбы бойынша қандай курстардан оқып-білуге болатындығын анықтап, өз білімін көтергісі келді. Сайтпен жұмыстану мақсаты:

Мұндай курстар қандай базалық білім береді? деген сұраққа жауап іздеу.

ЕБҚЕ оқушы үшін тапсырма

Мәтіндегі бос орындарға керекті сөздерді жазып, толықтыр.

-----тіркесі адамның санасын жасанды жолмен жасау идеясы болғандықтан, ол адам сияқты еркін ойлау қабілетіне ие болуы тиіс. Осылай соңғы жылда жасанды интеллектіні дамытумен айналысатын институттарға -----тартыла бастады. -----мида әртүрлі функцияға жауапты жасуша болса, бағдарламалауда сандарының арасындағы тұрақты микробірлік болып саналады.

Қажетті сөздер: Жасанды интеллект, нейроғалым, 0,1, 20, нейробиолог, невролог, нейробиолог, ми ғалымы.

Оқушының әрекеті: Оқушылар виртуалды тур жасайды, сұрақ бойынша өз ойларын айтады.

Дескриптор: -Сілтемелер бойынша виртуалды экскурсия жасай алады

Дескриптор: - Жасанды интеллект, нейроғалым, нейробиолог, невролог, нейробиолог, ми ғалымы ұғымдарын ажыратады;

Бағалау: Мадақтау арқылы бағаланады.

Мұғалімнің әрекеті: 5 минут.

Практикалық тапсырма.

Ғаламтор желісін пайдалана отырып, өз қызметінде жасанды интеллектіні белсенді түрде қолданатын 10 компанияның тізімін жаса.

2-тапсырма. Интернетті пайдалана отырып, жасанды интеллектіні өз қызметінде қолданудан түрлі себептермен бас тартып отырған компанияның тізімін жаса.

ЕБҚЕ оқушы үшін тапсырма. Жасанды интеллект қолданылатын саланы тандап, оның сол саладағы артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалаңыз

Оқушының әрекеті:

Дескриптор:

1. Жасанды интеллектіні белсенді түрде қолданатын компанияның тізімін жасайды;

2. Жасанды интеллектіні өз қызметінде қолданудан түрлі себептермен бас тартып отырған компанияның тізімін жасайды;

Дескриптор:

Жасанды интеллектінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалайды;

Бағалау: ҚБ: «Жұлдызша», 4 балл

Мұғалімнің әрекеті: Сабақтың соңы. 3 минут

Рефлексия: «Хабарлама жіберу»

-Бүгінгі тақырып не туралы болды? -Бүгінгі тақырыпта не ұнамады?

-Бүгінгі тақырып несімен ұнады? -Мені қызықтырғаны ...

-Сабақта қандай сезімде болдың? -Тақырыпқа не қосар едің?

Оқушының әрекеті:

Оқушылар «Хабарлама жіберу» арқылы кері байланыс орнатады.

Мұғалімге СМС жазу арқылы төмендегі сұрақтарға жауап жазады

Бағалау: «Мадақтау» әдісі арқылы мұғалімнің қорытынды бағалауы жүргізіледі.

Мұғалімнің әрекеті: Үйге тапсырма беру. 2 минут

1. Тақырыпта көрсетілмеген жасанды интеллектіні қолдану саласын іздеп табу.

2. Google мен Yandex компанияларында жасанды интеллектіні қолданылуына салыстырмалы талдау жасау.

Гульмира Неткалиева, математика және информатика мұғалімі, №43 ЖОББМ, Орал қаласы



МЕНШІК ИЕСІ:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының «Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы

Директоры - Измуханбетова Софья Салахиденқызы

Редактор:

Дүйсенғалиева Күлән Аяпбергенқызы

Тілші: Габдушева Толқын Экарияқызы

Компьютерлік жұмыстар:

Габдушева Толқын Экарияқызы

* Газет айына бір рет шығады

* Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, хаттар мен қолжазба қайтарылмайды

* Автор мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді

* Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 02.02.2022 жылы тіркеліп, №KZ39VPY00045499 тіркеу күзегі берілген. Мекенжайымыз: Орал қаласы, Абай даңғылы, 238/2 үй. Тел: 25-15-84. Zh-Ustazy@rambler.ru